

"Қазақстан Халық Банкінің
өмірді сақтандыру бойынша
"Халық-Life"
еншілес компаниясы"
акционерлік қоғамы



Акционерное общество
"Дочерняя компания
Народного Банка Казахстана
по страхованию жизни
"Халык-Life"

Қ а б ы л д а н д ы

«Халық-Life» АҚ Басқармасының
шешімімен
(2020 жылғы 05 мамырдағы
отырыстың № 30 хаттамасы)

Б е к і т і л д і

«Халық-Life» АҚ Директорлар
кеңесінің шешімімен
(2020 жылғы 06 мамырдағы
Директорлар кеңесі мүшелерінің
сырттай дауыс беру жөніндегі № 20
хаттамасы)

«Халық-Алтын» өмірді ерікті сақтандыру Қ А Ғ И Д А С Ы

Алматы қ. 2020

Құжаттың мазмұны

1-бөлім. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕ.....	3
1-тарау. Мақсаты және қолдану саласы	3
2-тарау. Терминдер және қысқартулар	3
2-бөлім. ӨМІРДІ ЕРІКТІ САҚТАНДЫРУ	4
3-тарау. Сақтандыру жағдайы	4
4-тарау. Сақтандыру шартының мәні	4
5-тарау. Сақтандыру шартын жасау тәртібі	5
6-тарау. Медициналық тексеру.....	6
7-тарау. Тараптардың құқықтары мен міндеттері	6
8-тарау. Сақтандыру шартының әрекет ету мерзімі.....	8
9-тарау. Сақтандыру шартының әрекет ету орны	8
10-тарау. Сақтандыру сомаларын анықтау тәртібі.....	8
11-тарау. Сақтандыру сыйлықақысының мөлшері, төлеу тәртібі және мерзімі	8
12-тарау. Сақтандыру төлемінің мөлшері	8
13-тарау. Сақтандыру жағдайы басталған кезде Пайда алушының әрекеттері, сақтандыру төлемін жүзеге асыру талаптары және тәртібі.....	9
14-тарау. Сақтандыру жағдайларына жатпайтын және сақтандыруды шектейтін жағдайлар.....	10
15-тарау. Сақтандыру шартын тоқтату талаптары	12
16-тарау. Сақтандыру шартына өзгертулер мен толықтырулар енгізу жағдайы және тәртібі.....	12
17-тарау. Дауларды шешу тәртібі	13
3-бөлім. ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР.....	13
18-тарау. Сақтанушының орналасқан немесе тұрғылықты жерінің өзгеруі.....	13
19-тарау. Қосымша талаптар	14

1-бөлім. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕ

1-тарау. Мақсаты және қолдану саласы

1. «Халық-Life» өмірді сақтандыру бойынша Қазақстан Халық Банкінің еншілес компаниясы» акционерлік қоғамы осы «Халық-Алтын» өмірді ерікті сақтандыру қағидасына сәйкес (бұдан әрі – Сақтандыру қағидасы) жеке тұлғалармен өмірді ерікті сақтандыру шарттарын (бұдан әрі – сақтандыру шарты) жасайды.
2. Осы Сақтандыру қағидасының көшірмесі Сақтандыру шартын жасау кезінде Сақтанушыға беріледі, Сақтандыру қағидасы Сақтандыру полисінің ажырамас бөлігі болып табылады.

2-тарау. Терминдер және қысқартулар

3. Осы Сақтандыру қағидасында келесі терминдер мен олардың анықтамалары қолданылады:
 - 1) **Пайда алушы** – сақтандыру шартының талаптарына сәйкес сақтандыру төлемін алушы болып табылатын тұлға;
 - 2) **кәмелетке толмаған баланың заңды өкілдері** – ата-анасы, асырап алушылары (асырап алушы), қамқоршысы немесе жанашары, асырап алған ата-анасы, патронат тәрбиешісі және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес балаға қамқорлық танытуды, білім, тәрбие беруді, құқықтары мен мүддесін қорғауды жүзеге асыратын оларды ауыстыратын басқа да тұлғалар;
 - 3) **Сақтандырылушы** – жиырма бір жастан алпыс жасқа дейінгі жас шамасындағы, сақтандыру жүзеге асырылатын жеке тұлға. Сақтанушы сақтандыру шарты бойынша Сақтандырылушы болып табылады.
 - 4) **Жалған мәліметтер** – Сақтанушы/Сақтандырылушы сақтандыру өтінішінде ұсынған, сақтандыру шарты жасалатын күні шындыққа сәйкес келмейтін (сақтандыру объектісі туралы шын деректерге), сақтандыру тәуекелін бағалау кезінде сақтандыру жағдайының басталуына және ықтимал залалдың мөлшеріне әсер етуі мүмкін болатындай сақтандыру объектісі туралы мәліметтер, оған сәйкес Сақтандырушы сақтандыру шарты бойынша сақтандыру төлемін жүзеге асырудан бас тартуға құқылы;
 - 5) **сақтандыру объектісі** – сақтандыру шарты бойынша сақтандыру жағдайының басталу салдарынан Сақтандырылушының өміріне зиян келтіруіне байланысты Сақтанушының (Сақтандырылушының) мүлктік мүддесі. Сақтанушының заңға қайшы келетін мүдделері сақтандыруға жатпайды;
 - 6) **полис** – сақтандыру шартында және осы Сақтандыру қағидасында көрсетілген талаптарда жасалған сақтандыру шартын растайтын, Сақтандырушымен Сақтанушыға берілетін құжат;
 - 7) **жаңартылған полис** – сақтандыру шартына біршама өзгертулер немесе толықтырулар енгізілген кезде, Сақтандырушы Сақтанушыға бұрын берген полистің орнына беретін полис;
 - 8) **Сақтандырушының серіктесі** – "Altyn Bank" АҚ (China Citic Bank Corporation Limited еншілес банкі);

- 9) **Сақтандырушының интернет-ресурсы** – <https://cabinet.halyklife.kz/>;
 - 10) **Серіктестің интернет-ресурсы** – <https://altyn-i.kz/>;
 - 11) **Деректер базасын қалыптастыру және жүргізу бойынша ұйым** – "Мемлекеттік кредиттік бюро" АҚ;
 - 12) **Сақтанушы** – Сақтандырушымен сақтандыру шартын жасайтын тұлға;
 - 13) **Сақтандырушы** – сақтандыруды жүзеге асыратын, яғни сақтандыру жағдайы басталған кезде, пайдасына сақтандыру шарты жасалатын тұлғаға (Пайда алушыға) шартта бекітілген сома шегінде (сақтандыру сомасында) сақтандыру төлемін жүргізуге міндетті «Қазақстан Халық Банкінің өмірді сақтандыру бойынша «Халық-life» еншілес компаниясы» акционерлік қоғамы;
 - 14) **Сақтандыру төлемі** – сақтандыру жағдайы басталған кезде Сақтандырушы Пайда алушыға сақтандыру сомасы аясында төлейтін ақша сомасы;
 - 15) **Сақтандыру сыйлықақысы (сақтандыру жарнасы)** – Сақтандырушы Пайда алушыға сақтандыру шартында белгіленген мөлшерде сақтандыру төлемін жүргізу міндеттемелерін қабылдағаны үшін Сақтанушы оған төлеуге міндетті ақша сомасы;
 - 16) **Сақтандыру сомасы** – сақтандыру жағдайы басталған кезде сақтандыру объектісі сақтандырылған және Сақтандырушы жауапкершілігінің шекті көлемінен тұратын ақша сомасы;
 - 17) **Сақтандыру жағдайы** – басталған кезде, сақтандыру шартында сақтандыру төлемін сақтандыру шартының талаптарында көзделген тәртіпте жүзеге асыруды көздейтін оқиға;
 - 18) **Сақтандыру мүддесі** – Сақтанушының (Сақтандырылушының, Пайда алушының) сақтандыру жағдайының тәуекелін болдырмаудағы және басталуына жол бермеудегі мүліктік мүддесі.
4. Қысқартулар:
- 1) Полис – сақтандыру полисі/сақтандыру шарты;
 - 2) Сақтандыру қағидасы – «Халық-Алтын» өмірді ерікті сақтандыру қағидасы;
 - 3) Компания – "Халық-Life" өмірді сақтандыру бойынша Қазақстан Халық Банкінің еншілес компаниясы" акционерлік қоғамы.

2-бөлім. ӨМІРДІ ЕРІКТІ САҚТАНЫРУ

3-тарау. Сақтандыру жағдайы

5. Сақтандыру арқылы қорғаудың әрекет ету кезеңінде орын алған, кез келген себеп бойынша Сақтандырылушының қайтыс болуы сақтандыру жағдайы болып табылады.

4-тарауы. Сақтандыру шартының мәні

6. Сақтанушы сақтандыру сыйлықақысын сақтандыру шартында қарастырылған мөлшерде, тәртіпте және мерзімде төлеуге міндетті.

7. Сақтандырушы сақтандыру шарты басталған кезде сақтандыру төлемін сақтандыру шартында қарастырылған мөлшерде, тәртіпте және мерзімде жүзеге асыруға міндетті.

5-тарау. Сақтандыру шартын жасау тәртібі

8. Сақтандыру шарты Сақтанушыны Сақтандыру қағидасына қосу арқылы жасалады. Сақтандыру шарты Сақтандырушы серіктесінің интернет-ресурсын пайдалану арқылы Сақтанушы мен Сақтандырушы арасында электронды ақпараттық ресурстармен алмасу жолымен электронды нысанда жасалады. Сақтанушы (Сақтандырылушы, Пайда алушы) және Сақтандырушы арасында электронды ақпараттық ресурстармен алмасу тәртібі уәкілетті мемлекеттік органның нормативтік құқықтық актісімен белгіленеді.
9. Сақтандыру шартын жасау үшін, Сақтандыру шартын жасауға ниет білдірген тұлға (Сақтанушы), Сақтандырушыға белгілі емес немесе белгілі болмауы тиіс сақтандыру жағдайының басталу ықтималын анықтау үшін өзіне белгілі болған едәуір маңызды мәліметтерді сақтандыру өтінішінде көрсетуге міндетті.
10. Сақтандыру өтінішінде немесе Сақтандырушының жазбаша сұратуларында көрсетілген, осы Сақтандыру қағидасында анық ескертілген, сақтандыру тәуекелін бағалау кезінде сақтандыру жағдайының басталу ықтималына әсер етуі мүмкін мәліметтер, кез келген жағдайда, маңызды болып табылады.
11. Егер сақтандыру шарты жасалғаннан кейін Сақтанушының Сақтандырушыға осы Тараудың 19-тармағында көрсетілген жағдайлар туралы көрнекі жалған мәліметтерді хабарлағаны белгіленетін болса, Сақтандырушы сақтандыру шартының жарамсыз деп тануына құқылы. Бұл ретте Сақтандырушы Сақтанушыға шарттың өтпеген мерзімі үшін төленген сақтандыру сыйлықақысын немесе сақтандыру жарналарын, шығарған шығындарын алып тастау арқылы қайтарады, ал сақтандыру төлемі жүргізілген кезде – төленген соманы қайтаруды талап етуге құқылы.
12. Сақтандыру шарты күшіне енгеннен кейін Полис және осы Сақтандыру қағидасында анық ескертілген өзге де құжаттар сақтандыру шартының ажырамас бөлігі болып табылады.
13. Сақтандыру шарты жасалған кезде Сақтанушыға оның талабы бойынша Сақтандыру қағидасының көшірмесі беріледі (жіберіледі). Полис және көрсетілген Сақтандыру қағидасының көшірмесі бірге сақтандыру шарты болып табылады.
14. Сақтандыру шартын жасау үшін Сақтанушы сақтандыру өтінішін толтырғаннан кейін, осы Сақтандыру қағидасында қарастырылған сақтандыру талаптарымен танысқаннан кейін сақтандыру сыйлықақысын төлейді де, солайша, сақтандыру өтінішінде хабарлаған мәліметтер сенімді екенін, оған ұсынылған талаптарда осы қосылу шартын жасауға өз келісімін бергенін растайды.
15. Сақтандырушы Серіктесінің интернет-ресурсын пайдалану арқылы сақтандыру шартын жасау барысында Сақтандырушы келесілерді:
 - 1) сақтанушыға сақтандыру шарты жасалғаны немесе оны жасаудан бас тартқаны туралы (бас тартудың себебін көрсету арқылы) хабарламаны электронды хабарлама түрінде дереу жіберілуін;
 - 2) сақтанушымен сақтандыру шарты бойынша ақпаратты, деректер базасын қалыптастыру және жүргізу бойынша ұйымның ақпараттық жүйесі арқылы

- тексеру мүмкіндігін;
- 3) Сақтанушыны Сақтандырушының интернет-ресурсында тәулік бойы қолжетімділігін қамтамасыз ету арқылы, сақтандыру шартының электрондық түрде сақталуын;
 - 4) Сақтанушымен (Сақтандырылушымен, Пайда алушымен) Сақтандырушыға:
мәліметтерді өзгерту, сақтандыру шартын қайта рәсімдеу;
сақтандыру шартын мерзімінен бұрын тоқтату;
сақтандыру жағдайы басталғаны туралы хабарлау;
келтірілген залалдың мөлшерін анықтау;
сақтандыру төлемін алу үшін электрондық нысанда ақпаратты (өтінішті, хабарламаны және (немесе) өзге де құжаттарды, мәліметтерді) құру және жіберу мүмкіндігін қамтамасыз етеді.
16. Сақтандыру шарты жасалғаны туралы хабарлама Сақтанушыға деректер базасын қалыптастыру және жүргізу бойынша ұйымның атынан жіберіледі. Сақтандыру шарты жасалғаны туралы хабарлау тәртібі және хабарламаның мазмұнына қойылатын талаптар уәкілетті мемлекеттік органның нормативтік құқықтық актілермен бекітіледі.

6-тарау. Медициналық тексеру

17. Сақтандыру шартын жасау барысында Сақтандырушы сақтандырылатын тұлғаның (Сақтандырылушының) дансаулығының шын мәніндегі күйін бағалау үшін оған Сақтандырушымен осындай тексеру жүргізу үшін анықтаған медициналық мекемеде медициналық тексеру тағайындауға құқылы. Сақтандырылатын тұлға (Сақтандырылушы) медициналық тексеру жүргізуден бас тартқан жағдайда, Сақтандырушы сақтандыру шартын жасаудан бас тартуға құқылы.
18. Медициналық тексеру сақтандыру шартын жасауға ниет білдерген тұлғаның (Сақтанушының) немесе Сақтандырылатын тұлғаның (Сақтандырылушының) қаражаты есебінен жүргізіледі. Медициналық тексеруден кейін сақтандыру шарты жасалған жағдайда, медициналық тексеру бойынша жүргізілген шығындар медициналық тексерудің ақысын растайтын құжаттарда көрсетілген мөлшерде Сақтандырушымен өтеледі.
19. Медициналық тексеру Сақтандырушы осындай тексеру үшін анықтаған медициналық мекемеден бөлек, басқа медициналық мекемеде жүргізілген жағдайда, медициналық тексеру бойынша шығындар сақтандырушы осындай тексеру үшін анықтаған медициналық мекемедегі ұқсас медициналық тексерудің бағасы шегінде өтеледі.
20. Сақтандыру шарты жасалмаған немесе сақтандыру шартында бекітілген мерзім ішінде бірінші сақтандыру жарнасы төленбеген немесе толық төленбеген жағдайда, медициналық тексеру бойынша шығындар Сақтандырушымен өтелмейді.

7-тарау. Тараптардың құқықтары және міндеттері

21. Сақтанушы құқылы:
 - 1) сақтандыру шартын мерзімінен бұрын бұзуға;

- 2) Сақтандырушыдан сақтандыру шартына сәйкес қабылданған міндеттемелерін орындауын талап етуге;
 - 3) Сақтандырушыдан сақтандыру талаптарын, сақтандыру шарты бойынша өзінің құқықтары мен міндеттерін түсіндіруді талап етуге;
 - 4) сақтандыру шартында көрсетілген жағдайларда сақтандыру төлемін алуға.
22. Сақтанушы міндетті:
- 1) сақтандыру сыйлықақысын сақтандыру шартында бекітілген мөлшерде, тәртіпте және мерзімде төлеуге;
 - 2) Сақтандырушыға сақтандыру тәуекелінің күйі туралы хабарлап тұруға;
 - 3) осы сақтандыру шарты бойынша сақтандыру жағдайларын алдын алуға бағытталған іс-шараларды жүзеге асыруға.
23. Сақтандырушы құқылы:
- 1) сақтандыру шартын мерзімінен бұрын бұзуға;
 - 2) Сақтанушыдан сақтандыру шартына сәйкес қабылданған міндеттемелерін орындауын талап етуге;
 - 3) сақтандыру жағдайының басталу мән-жайын және себебін тексеруге;
 - 4) Сақтанушыдан тәуекелдің дәрежесін анықтау және тарифтің мөлшерін белгілеу үшін маңызы бар кез келген ақпаратты сұратуға;
 - 5) жылына бір рет, Сақтандырушы тағайындаған дәрігерлермен Сақтандырылушының қосымша медициналық тексеруін (Сақтандырылушы Қазақстан Республикасынан тыс жерде болған жағдайда көлік шығындарын қоспағанда) өз қаражаты есебінен жүргізуге;
 - 6) Сақтанушының Сақтандырушымен тәуекелдің дәрежесін, тарифтің мөлшерін анықтау үшін қажетті сұратқан мәліметтерді беруге жағдайы болмаған немесе бергісі келмеген жағдайда, сонымен қатар Сақтандырушының андеррайтері теріс қорытынды жасаған кезде Сақтандырушы сақтандыру шартын жасаудан немесе қайта құрудан бас тартуға;
 - 7) сақтандыру шартында және Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде қарастырылған өзге құқықтарды жүзеге асыруға.
24. Сақтандырушы міндетті:
- 1) сақтандыру жағдайы басталған кезде сақтандыру төлемін сақтандыру шартында бекітілген мөлшерде, тәртіпте және мерзімде жүргізуге;
 - 2) сақтандыру құпиясын қамтамасыз етуге;
 - 3) Сақтанушыны Сақтандыру қағидасымен таныстыруға және оның талабы бойынша Сақтандыру қағидасының көшірмесін беруге (жіберуге), сонымен қатар сақтандырудың барлық талаптарын, сақтандыру шартынан туындайтын Сақтанушының құқықтары мен міндеттерін түсіндіруге;
 - 4) сақтандыру жағдайының басталуы туралы хатты алған кезде, оны дереу тіркеуге және Сақтанушыға құжаттардың тізімін және қабылдаған күнін көрсетумен, қабылданған құжаттар туралы анықтаманы беруге;

- 5) Сақтанушы (Сақтандырылушы немесе Пайда алушы) сақтандыру төлемін жүзеге асыру үшін қажетті құжаттарды бермеген немесе толық бермеген жағдайда, оларға жетіспейтін құжаттар туралы Сақтанушыдан құжаттарды алған сәттен бастап бес жұмыс күні ішінде хабарлауға.

8-тарау. Сақтандыру шартының әрекет ету мерзімі

25. Сақтандыру шарты Сақтандырушының есеп айырысу шотына сақтандыру сыйлықақысы түскен күннен кейінгі келесі күні өз күшіне енеді және шартта көрсетілген күнге дейін (сол күнді қоса алғанда) әрекет етеді.
26. Сақтандыру арқылы қорғау әрекеттінің мерзімі сақтандыру шартының әрекет ету мерзіміне сай келеді.
27. Сақтандыру шартында сақтандырудың және (немесе) сақтандыру арқылы қорғау әрекетінің өзге мерзімі қарастырылуы мүмкін.

9-тарау. Сақтандыру шартының әрекет ету орны

28. Сақтандыру шарты Қазақстан Республикасының аумағында, сондай-ақ одан тыс жерде әрекет етеді. Әрекет ету орны Полисте көрсетіледі.

10-тарау. Сақтандыру сомаларын анықтау тәртібі

29. Сақтандыру сомасының мөлшерін Сақтандырушы Сақтанушы ұсынған сақтандыру жөніндегі өтініші негізінде анықтайды және Полисте көрсетеді.

11-тарау. Сақтандыру сыйлықақысының мөлшері, төлеу тәртібі және мерзімі

30. Сақтанушы сақтандыру шарты бойынша сақтандыру сыйлықақысын төлеуді Полисте көрсетілген мөлшерде және мерзімде біржолғы төлеммен жүргізеді.

12-тарау. Сақтандыру төлемінің мөлшері

31. Сақтандырушы сақтандыру жағдайы басталған кезде жүзеге асыруға міндетті сақтандыру төлемінің мөлшері, кез келген жағдайда, Полисте көрсетілген сақтандыру сомасының мөлшерінен аспауы тиіс.
32. Сақтандыру жағдайы басталған кезде, Сақтандырушы Пайда алушыға сақтандыру төлемін сақтандыру жағдайы басталған сәтте қарыз қалдығына (негізгі қарыз қалдығына) тең, бірақ сақтандыру жағдайы басталған кезеңге сәйкес қарыз шарты бойынша берешекті өтеу кестесінде бекітілген негізгі қарыз сомасынан аспайтын мөлшерде, біржолғы төлеммен жүргізеді. Қарыз қалдығы (негізгі қарыз қалдығы) сақтандыру жағдайы басталған сәтте нөлге тең болған жағдайда, Сақтандырушы Пайда алушыға, Сақтандырылушымен сақтандыру жағдайы басталған күні Қазақстан Республикасының заңнамасында бекітілген бір айлық көрсеткіш мөлшерінде біржолғы сақтандыру төлемін жүргізеді.

13-тарау. Сақтандыру жағдайы басталған кезде Пайда алушының әрекеттері, сақтандыру төлемін жүзеге асыру талаптары және тәртібі

33. Пайда алушы, өзіне Сақтандырылушының қайтыс болғаны туралы белгілі болғаннан кейін, қалай болғанда да сақтандыру жағдайы басталған күннен бастап он екі күнтізбелік айдан кешіктірмей, бұл туралы Сақтандырушыны тезарада жазбаша нысанда хабардар етуге міндетті. Егер Пайда алушыда Сақтандырушыны сақтандыру жағдайының басталғаны туралы жоғарыда аталған мерзімде дәлелді себептермен хабардар ету мүмкіндігі болмаса, ол уақтылы хабардар етпеу себебі туралы жазбаша түсініктеме беруі тиіс және бар болса құжат бойынша растауы тиіс.
34. Бұл ретте, Пайда алушының Сақтандырушыны сақтандыру жағдайы туралы хабарламауы немесе уақтылы хабардар етпеуі, Пайда алушының еркінен тыс себептермен шартталған және осы фактіні дәлелдейтін тиісті құжаттар ұсынылған жағдайда, онда бұл хабарламау немесе уақтылы хабардар етпеу жағдайы Сақтандырушыны сақтандыру төлемін жүзеге асырудан бас тарту үшін негіз бола алмайды. Пайда алушының еркінен тыс болған жағдайлар, атап айтқанда: еңсерілмейтін күштер жағдайы, яғни мұндай жағдайларда төтенше және алдын алуға болмайтын жағдайлар (форс-мажор), оған қоса, бірақ олармен шектелмей: табиғи апаттар, әскери іс-қимылдар және өзге жағдайлар, хабардар етпеуіне немесе уақтылы хабардар етпеуіне дәлелді себеп болады.
35. Сақтандыру төлемін жүзеге асыру үшін Сақтандырушыға келесі құжаттар ұсынылуы тиіс:
 - 1) сақтандыру төлемін алу жөніндегі өтініш;
 - 2) Сақтандырылушының қайтыс болуы туралы куәліктің нотариалды түрде куәландырылған көшірмесі;
 - 3) Сақтандырылушының қайтыс болуы туралы анықтаманың көшірмесі;
 - 4) Сақтандырылушының сырқатнамасынан үзінді көшірме (түпнұсқасы немесе осы құжатты берген немесе осы көшірменің түпнұсқасы бар заңды тұлғаның мөрімен және уәкілетті қызметкерінің қолымен куәландырылған көшірмесі);
 - 5) заңнамамен сараптаманың жүргізілуі көзделген жағдайда, Сақтандырылушының мәйітіне жүргізілген патологиялық анатомиялық (сот-медициналық) сараптама қорытындысы (түпнұсқасы немесе осы құжатты берген немесе осы көшірменің түпнұсқасы бар заңды тұлғаның мөрімен және уәкілетті қызметкерінің қолымен куәландырылған көшірмесі);
 - 6) Сақтанушыдан сақтандыру жағдайы басталған күнге қарай, борыштың негізгі қарыз қалдығы туралы анықтамасы (хаты);
 - 7) Банктік қарыз шартының және қарызды өтеу кестесінің көшірмесі;
 - 8) Сақтандырушы сақтандыру жағдайына қатысты және/немесе Қазақстан Республикасының заңнамасында қарастырылған, жазбаша сұратқан басқа да құжаттар.
36. Пайда алушы сақтандыру жағдайының басталуын растайтын құжаттарды ұсынбаған жағдайда, Сақтандырушы Пайда алушыдан сақтандыру жағдайы басталғаны туралы хабарламаны алған күннен кейінгі келесі күннен бастап бес жұмыс күнінен кешіктірмей, Пайда алушының мекенжайына сақтандыру төлемін жүзеге асыру үшін қажет құжаттардың жетіспейтіні туралы хабарламаны жібереді.

37. Сақтандырушы сақтандыру жағдайы басталғаны туралы хабардар болған күннен бастап, сақтандыру жағдайының басталған мән-жайын және себептерін тексеруге құқылы.
38. Сақтандырушы осы Тараудың 35-тармағында көрсетілген құжаттарды алған күннен бастап он бес жұмыс күні ішінде, Пайда алушыға біржолғы сақтандыру төлемін жүзеге асыруға немесе сақтандыру төлемін жүзеге асырудан себептемелі бас тартуды жазбаша нысанда ұсынуға міндетті.
39. Сақтандырылушының қайтыс болу фактісі бойынша қылмыстық іс қозғалған жағдайда, Сақтандырушы құқық қорғау органдары немесе сот тиісті шешім қабылдаған және ол/олар заңды күшіне енген күнге дейін сақтандыру төлемін кейінге қалдыруға құқылы. Сақтандыру төлемі Пайда алушы көрсеткен банктік шотына жүргізіледі.
40. Сақтандырушының қалауы бойынша, құжаттарды берген немесе осы көшірмелердің түпнұсқалары бар заңды тұлғаның мөрімен және уәкілетті қызметкерінің қолымен куәландырылған құжаттардың көшірмелері ұсынылады.
41. Сақтандырушы Пайда алушыдан алған құжаттарды, оларды алған (қабылдаған) күнді көрсетумен дереу тіркеуге міндетті. Сақтандырушы Пайда алушының жазбаша талабы бойынша ұсынылған құжаттардың толық тізбесін және оларды қабылдаған күнін көрсетумен анықтаманы Пайда алушыға беруге міндетті.
42. Пайда алушы немесе оның өкілі Сақтандыру қағидасының осы Тарауында көрсетілген барлық құжаттарды ұсынбаған жағдайда Сақтандырушы сақтандыру жағдайы бойынша шешім қабылдауға құқылы.
43. Өтініш берушінің қалауы бойынша сақтандыру төлемі туралы талап, электрондық көшірмелер немесе электрондық құжаттар түрінде сақтандыру төлемін жүзеге асыру үшін қажетті құжаттарды қосып беру арқылы, электрондық нысанда жіберілуі мүмкін. Бұл ретте электрондық нысанда сақтандыру төлемі туралы талап, Сақтандырушыға Сақтандырушы орналасқан мекенжайы бойынша осы Тараудың 35-тармағында көрсетілген құжаттарды ұсырудан босатпайды.

14-тарау. Сақтандыру жағдайларына жатпайтын және сақтандыруды шектейтін жағдайлар

44. Бірінші және екінші топтағы мүгедектер, кез келген ауырулары бойынша сақтандыруға қабылданбайды.
45. Сақтандыру қағидасының 44-тармағында көрсетілген тұлғаларға қатысты жасалған Сақтандыру шарты, осындай шарт жасалған сәттен бастап қолданысқа енген деп танылады, ал төленген сақтандыру сыйлықақысы Сақтандырушымен шығынданған шығыстарды алып тастау арқылы Сақтанушыға қайтарылады.
46. Сақтандырушының сақтандыру төлемін жүзеге асырудан бас тартуына негіздеме келесілер болуы мүмкін:
 - 1) Сақтанушының Сақтандырушыға сақтандыру объектісі, сақтандыру тәуекелі, сақтандыру жағдайы және оның салдары туралы көрнекі жалған мәліметтерді хабарлауы;
 - 2) Сақтандырушының сақтандыру шартында бекітілген мерзімде сақтандыру жағдайы басталғаны туралы хабардар етпеуі. Бұл ретте, Пайда алушының Сақтандырушының сақтандыру жағдайы туралы хабарламауы немесе уақытылы хабардар етпеуі, Пайда алушының еркінен тыс себептермен шартталған және

осы фактіні дәлелдейтін тиісті құжаттар ұсынылған жағдайда, онда бұл хабарламау немесе уақытылы хабардар етпеу жағдайы Сақтандырушыны сақтандыру төлемін жүзеге асырудан бас тарту үшін негіз бола алмайды.

Пайда алушының еркінен тыс болған жағдайлар, атап айтқанда: еңсерілмейтін күштер жағдайы, яғни мұндай жағдайларда төтенше және алыдн алуға болмайтын жағдайлар (форс-мажор), оған қоса, бірақ олармен шектелмей: табиғи апаттар, әскери іс-қимылдар және т.б.с.с. жағдайлар, хабардар етпеуіне немесе уақтылы хабардар етпеуіне дәлелді себеп болады.

47. Сақтандыру жағдайы болып табылмайтын және Сақтандырушының қайтыс болуы келесі жағдайлардың нәтижесінде сақтандыру арқылы қорғау әрекеті кезеңінде тікелей немесе жанама басталған болса, Сақтандырушы сақтандыру төлемін жүзеге асырудан босатылады:
- 1) қажет қорғаныс және аса қажет жағдайда жасалған әрекеттерді қоспағанда, Сақтанушының, Сақтандырылушының және (немесе) Пайда алушының сақтандыру жағдайының туындауына бағытталған немесе оны болдырған қасақана әрекеттерімен;
 - 2) Сақтанушының, Сақтандырылушының және (немесе) Пайда алушының заңнамалық актілерде бекітілген тәртіпте қасақана қылмыстық немесе әкімшілік құқық бұзушылық деп танылған, сақтандыру жағдайына себепті байланысты әрекеттерімен;
 - 3) өзін-өзі мерт қылуымен (Сақтандырылушының өзін-өзі өлтірмек болғаны), егер бұған дейін сақтандыру шарты екі жылдан кем әрекет етсе;
 - 4) ЖИТС, АИТВ-инфекциясы ауруларымен, онкологиялық аурулармен, психологиялық аурулармен, егер көрсетілген аурулар сақтандыру жағдайының басталуына әсерін тигізсе;
 - 5) Сақтандырылушының өзіне-өзі әдейі дене жарақатын келтіргенімен;
 - 6) ядролық жарылыстың, радиацияның немесе радиоактивті жұқтырудың әсерінен;
 - 7) әскери іс-қимылдармен;
 - 8) азаматтық соғыспен, әртүрлі халық толқуларымен, жаппай тәртіпсіздіктермен немесе ереуілдермен;
 - 9) заңмен бекітілген тәртіпте мемлекеттік басқару органдары жария еткен төтенше немесе ерекше жағдайлармен, олардың салдарымен;
 - 10) лаңкестік актілермен;
 - 11) табиғи және техногенді сипаттағы төтенше жағдаяттармен, оған қоса, бірақ олармен шектелмей: жер сілкінісі, су басуы, өрт, көшкін, тасқын, жанартаудың атқылауы, цунами;
 - 12) Сақтандырылушыны этанолмен, маскүнемдік сусындармен, қатты әсер ететін дәрі-дәрмектермен (есірткімен) улануымен, егер соңғылары дәрігердің ұйғарымынсыз қабылданса, сонымен қатар мас болу мақсатында қабылданған уландырғыш заттармен.

15-тарау. Сақтандыру шартын тоқтату талаптары

48. Сақтанушы Сақтандырушыға сақтандыру шартын мерзімінен бұрын тоқтату жөніндегі өтінішін ұсынып, кез келген уақытта сақтандыру шартынан бас тартуға құқылы.
49. Сақтандырушының сақтандыру шартын мерзімінен бұрын тоқтату жөніндегі өтінішті алған күні, егер бұл өтініште Сақтанушы мерзімінен бұрын тоқтатудың бұдан әрі кеш күнін көрсетпесе, сақтандыру шартын мерзімінен бұрын тоқтату күні болып есептеледі.
50. Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде қарастырылған міндеттемелердің жалпы тоқтату негіздемелерінен тыс, сақтандыру шартының әрекет етуі Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің 841-бабының 1-тармағында қарастырылған жағдайларда мерзімнен бұрын тоқтатылады.
51. Сақтандыру шарты бұзылған кезде, егер бұл Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің 841-бабының 1-тармағында қарастырылған жағдайларға байланысты болмаса, сақтандыру сыйлықақысы қайтарылмайды.
52. Сақтандыру шартының әрекет етуі келесі сәттен бастап тоқтатылады (қай оқиға бірінші басталғанына байланысты):
 - 1) Сақтанушы Сақтандырушыға сақтандыру шартының әрекет етуін мерзімінен бұрын тоқтату туралы өтінішін берген (Сақтанушының сақтандыру шартынан бас тартқан) сәттен бастап;
 - 2) орын алған сақтандыру жағдайы бойынша сақтандыру төлемін жүзеге асырған сәттен бастап;
 - 3) Сақтандырылушы болып табылмайтын Сақтанушы қайтыс болған (Сақтанушы қайтыс болған күннен бастап) сәттен бастап, егер Сақтанушыны ауыстыру жүргізілмесе.

16-тарау. Сақтандыру шартына өзгертулер мен толықтырулар енгізу жағдайы және тәртібі

53. Сақтандыру шартына өзгертулер мен толықтырулардың енгізілуі, Сақтанушымен Сақтандырушыға ұсынылған, сақтандыру шартына өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы өтініш негізінде жүзеге асырылады.
54. Сақтандыру мерзімі, Сақтандырылушы, сақтандыру соманың және сақтандыру сыйлықақысының мөлшері өзгертуге жатпайды.
55. Сақтандыру шартына өзгертулер мен толықтырулар Сақтандырушының осындай өзгертулерді және (немесе) толықтыруларды енгізуге берген келісімімен, жазба нысанда енгізіледі және келесілерге қатысты:
 - 1) Полисте тікелей көрсетілген мәліметтерге қатысты – Жаңартылған полиске қол қойылған күннен бастап;
 - 2) полисте көрсетілген мәліметтерді қоспағанда, сақтандыру жөніндегі өтініште тікелей көрсетілген мәліметтерге қатысты – Сақтандырушының келісімін растайтын құжатта көрсетілген күннен бастап, ал егер күн көрсетілмесе, Сақтандырушы шығыс құжатты тіркеген күннен бастап өз күшіне енді деп танылады.

56. Бұрын шығарылған полис жаңартылған полиспен ауыстырылады. Жаңартылған полис сақтандыру шартының ажырамас бөлігі болып табылады және ол рәсімделгеннен кейін бұрын шығарылған полистің күші жойылады.
57. Егер сақтандыру шарты жасалғаннан кейін сақтандыру шартының талаптарына қатысты жаңа немесе қолданыстағы заңнамалық актілерге өзгертулер енгізілген заңнамалық актілер қабылданса, Сақтандырушы сақтандыру шартына толықтыруларды немесе /және өзгертулерді енгізуге құқылы.
58. Сақтандырушы сақтандыру шартына біржақты тәртіпте, Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін өзгертулер және (немесе) толықтырулар енгізуге құқылы.
59. Сақтандырушы Сақтанушыны сақтандыру шартына енгізілген барлық өзгертулер туралы, егер жазбаша хабарламада өзге күн бекітілмесе, бұндай өзгертулер өз күшіне енген күнге дейін кем дегенде отыз күнтізбелік күн бұрын хабардар етеді. Сақтанушы Сақтандырушыны бұл жайлы жазбаша хабардар етіп, сақтандыру шартына енгізілген өзгертулермен келіспеген жағдайда, сақтандыру шартын мерзімінен бұрын бұзуға құқылы. Егер Сақтанушы өзгертулер енгізілгені туралы хабарламаны жібергеннен кейін отыз күнтізбелік күн ішінде Сақтандырушыға сақтандыру шартын мерзімінен бұрын бұзатыны туралы хабарламаса, Сақтанушы өзгертулермен келісті деп танылады.

17-тарау. Дауларды шешу тәртібі

60. Сақтандыру шартынан даулар туындаған кезде Сақтанушы (Пайда алушы) Сақтандырушыға талаптарды көрсету және оның талаптарын растайтын құжаттарды қоса беру арқылы жазбаша өтінішті (оның ішінде Сақтандырушының филиалы, өкілдігі, интернет-ресурсы арқылы) жіберуге құқылы. Сақтандырушы Сақтанушыдан (Пайда алушыдан) өтінішті алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде қарап, дауды реттеудің кейінгі тәртібін көрсету арқылы жазбаша жауапты ұсынады.
61. Дау Сақтандыру қағидасының осы Тарауының 60-тармағында бекітілген тәртіпте шешілмеген жағдайда, дау Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес сот тәртібінде қарауға жатады.

3-бөлім. ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР

18-тарау. Сақтанушының орналасқан немесе тұрғылықты жерінің өзгеруі

62. Сақтандырушы Сақтанушыға хабарламаны сақтандыру жөніндегі өтініште көрсетілген оның орналасқан орнына немесе тұрғылықты жерінің мекенжайына жібереді.
63. Сақтандырушы орналасқан немесе тұрғылықты жерінің өзгеруі кезінде Сақтандырушыға он күндік мерзімде хабарлауға міндетті. Осылай істемеген жағдайда, бұрынғы орналасқан немесе тұрғылықты мекенжайы бойынша жіберілген хабарлама тараптармен орындалды (жарамды) деп танылады.
64. Егер Сақтанушының орналасқан немесе тұрғылықты мекенжайы Қазақстан Республикасынан тыс жерде болса, онда Сақтанушы Сақтандырушыға Қазақстан

Республикасында Сақтанушының корреспонденциясын жеткізу үшін жауапты тұлғаны көрсетуге міндетті.

19-тарау. Қосымша талаптар

65. Сақтандыру шартына қатысты кез келген хабарламалар, өтініштер, хабарландырулар, түсініктемелер кейіннен алушының талабы бойынша оның мекенжайына жіберу арқылы электрондық нысанда жасалуы мүмкін.
66. Тараптар сақтандыру шартының талаптарын орындамағаны немесе лайықты түрде орындамағаны үшін осы Сақтандыру қағидасына және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жауапқа тартылады.
67. Полиспен реттелмеген, Тараптар арасындағы қатынастар осы Сақтандыру қағидасына, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес реттеледі.
68. Сақтандыру шартында бекітілген барлық сомалар, сақтандыру шартының (сақтандыру полисінің) талаптарына және осы Сақтандыру қағидасына сәйкес теңгеде төленуге/өтеуге жатады.
69. Қазақстан Республикасының заңнамасына өзгертулер енгізілген нәтижесінде, осы Сақтандыру қағидасының жекеленген ережелері Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келген жағдайда, бұл ережелер Сақтандыру қағидасына тиісті өзгертулерсіз автоматты түрде күшін жоғалтады. Егер осы Сақтандыру қағидасының ережесінің бірі жарамсыз болса, бұл қалған ережені қозғамайды. Жарамсыз ереже тиісті қатынасқа заңды түрде жол берілетін және реттелетін ережемен ауыстырылады.
70. Осы Сақтандыру қағидасы қазақ және орыс тілдерінде әзірленді. Сақтандыру қағидасының қазақ және орыс тілдеріндегі мәтіндерінің айырмашылығы бар болған жағдайда, Сақтандыру қағидасының орыс тіліндегі мәтіні басым күшке ие болады.